

- 4 Tymbolova, A. (2013), *Dramalyq shygharmalardyn lingvistikalyq poetikasy* [Linguistic Poetics of Dramatic Works], Eltanym Publishing House, Almaty, Kazakhstan, 328 p.
- 5 Murtaza, Sh. (n.d.), *Beseudin khaty* [Letter of Five], available at: <https://bilim-all.kz/article/17656-Beseudin-haty> (Accessed 9 August 2024).
- 6 Zheltukhina, M.R., Belikova, M.Yu., Ponomarenko, E.B., Malyuga, E.N. and Klyuev, E.V. (2016), “Identity as an Element of Human and Language Universes: Axiological Aspect”, *International Journal of Environmental & Science Education*, vol. 11, no. 17, pp. 10413–10422.
- 7 Kabdolov, Z. (1992), *Soz öneri* [The Art of Words], Almaty, Kazakhstan, 271 p.
- 8 Penter, T. (2018), “From a Local Erfahrungsgeschichte of Holodomor to a Global History of Famines”, *Contemporary European History*, vol. 27, no. 3, pp. 445–449, <https://doi.org/10.1017/S0960777318000309>.
- 9 Abzhalova, A. (2012), “Qazaq dramaturgiasynyn zerttelu joldary [Ways to Study Kazakh Drama]”, *Bulletin of KazNU. Philology series*, no. 2(136), pp. 174–177.
- 10 Qazaq мәдениеті. Ensiklopedialyq anyqtamalyq [Kazakh Culture. The Encyclopedic Reference] (2005), Almaty, Kazakhstan, 507 p.
- 11 Kuy angzyzy: Seitektin kuyi ‘Zaman-ai’ qalai tudy? [The Legend of Kuy: How Was the Kuy of Seitek ‘Zaman-ai’ Born?], available at: <https://egemen.kz/article/341848-kuy-anhyzy-seytektinh-kuyi-zaman-ay-qalay-tudy> (Accessed 9 August 2024).
- 12 Qara qanshyq an matyny [The Lyrics of the Song ‘Black Wolf’], available at: <https://ander.kz> (Accessed 9 August 2024).
- 13 Sofer, A. (2022), “Thinking Through Phenomena: Theatre Phenomenology in Theory and Practice”, *Theatre Journal*, vol. 74, no. 3, pp. 389–403, <https://doi.org/10.1353/tj.2022.007>.
- 14 Nikolaeva, O. (2022), “Scenography of the Unimaginable: Exploring Trauma of Others in 872 Days”, *Theatre Research International*, vol. 49, no. 1, pp. 46–58, <https://doi.org/10.1017/S0307883322000099>.
- 15 Hillman, R. (2015), “(Re)constructing Political Theatre: Discursive and Practical Frameworks for Theatre as an Agent for Change”, *New Theatre Quarterly*, vol. 31, pp. 380–396, Cambridge University Press, <https://doi.org/10.1017/S0266464X1500069X>.

Received: 01.06.2025

FTAMP 17.82.10

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp298-311](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp298-311)

А.Ф. Талипова¹, Н.Қ. Жүсіпов¹

¹Торайғыров университет, Павлодар, 140000, Қазақстан

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ АВТОРЛЫҚ ЖОҚТАУ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР КӨРІНІСІ

Бұл мақала қазақ ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығындағы авторлық жоқтау өлеңдерін талдауға және олардың қазақ халқының бай фольклорлық дәстүрімен тығыз байланысын зерттеуге арналған. Ақынның жоқтау өлеңдерінің халық ауыз әдебиетімен байланысын, ортақтығын, көркемдік тәсілін қарастырдық.

Талдау нысанына Мәшһүр Жүсіптің жеті авторлық жоқтау жырлары алынды. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жоқтау өлеңдеріндегі образдар мен тақырыптар халық ауыз әдебиетіндегі жоқтау лирикасына тән ұқсастықтар мен авторлық ерекшеліктер анықталды. Қазақ фольклорының элементтерінің авторлық қолданыста болуына назар аударылды. Ізденісте фольклорлық мотивтердің болуы ғана аталып берілмей, олардың әртүрлі жолдармен жасалғанын зерттеуге және Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылық қолтаңбасы мен заманының тарихи шындықтары тұрғысынан қарау мүмкіндігі орындалған.

Ақынның қазақ халық шығармашылығынан алынған дәстүрлі жылауларды (жоқтау), эпикалық формулаларды, метафораларды қайтыс болған жақындарын жоқтап терең қайғы-қасірет білдіру және болмыс туралы ой толғау үшін қалай қолданатынына мән берілді. Атап айтқанда, зерттеу Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жоқтау лирикасындағы негізгі фольклорлық элементтерді тануға бағытталды. Сонымен қатар, оның өміріндегі оқиғалардың, сондай-ақ өз заманының қоғамдық-саяси процестерінің ақын өрнектеген жоқтау лирикасына қалай әсер еткені бағамдалды. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ халқының фольклорлық дәстүрлерін сақтау мен дамытудағы рөлі, оның шығармашылығының кейінгі қазақ әдебиетіне әсерін бағалау маңыздылығы ескерілді.

Кілт сөздер: жоқтау лирикасы, фольклор, фольклорлық дәстүр, тұлға, Мәшһүр Жүсіп.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ фольклорын теориялық тұрғыдан зерттеу XX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасып, дамыды. Ғасыр басында фольклорға, фольклордың жекелеген жанрларына, соның ішінде тұрмыс-салт өлеңдерінің ішіндегі жоқтау жанрына тереңірек және жүйелі көзқарастың негізі қаланды. Жоқтау өлеңдерін талдау ғалымдарға қазақ халқының дүниетанымына, оның құндылықтар жүйесіне терең енгізе мүмкіндіктер берді. Ш. Уәлихановтың «Қазақ поэзиясының түрлері», Б. Кенжебаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы», Т. Арыновтың «Боздағым (қазақтың жоқтау жырлары)» атты еңбектері осыны дәлелдейді. Осы бағытта еңбек жазған ғалымдар А. Байтұрсынов [1], М. Әуезов [2], Б. Уахатов [3], Ә. Марғұлан [4], М. Ғабдуллин [5], С. Негимов [6] пікірлерін мақаланың талдау тұсында қолданылады. Аталған ғалымдардың еңбектерінің мазмұнында жоқтау жанры ғылыми зерттеулердің тақырыбына еніп, фольклорлық дәстүрдің бір түрі жанрлық, тақырыптық, стильдік ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылды.

Зерттеу еңбектерінен, зерттеушілердің пікірінен халық ауыз әдебиетінде жоқтау өлеңдерінің нақты қай ғасырдан басталғанын анықтау қиынға соғатынын, олар тарихи жағдайларға байланысты өзгерген сан алуан көзқарастар мен нанымдарды бойына сіңіре отырып, ғасырлар бойы қалыптасқанын пайымдадық.

Әлкей Марғұлан еңбегінде жоқтау жанры Орхон жазбаларынан бастау алатындығын көрсеткен, оның ең ескі түрін Бегре-тас жазуынан дәлелдеуге болады [4, 123]. Бекмұрат Уахатовтың пікірінде: «Көне замандардан келе жатқан көп кәде, жора-жосынның бірі – өлген адамды естіртіп, көңіл айту, жоқтау десек, бұл көптеген тарихшы-этнографтардың пайымдауынша ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан заманға ауысып келе жатқан тым ескілікті кәде» [3, 76], – деп баяндалған.

1926 жылы Мәскеуде жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының «Жиырма үш жоқтау» жинағы қазақ тарихының 400 жылына жуық шығармашылық мұраны қамтитынын [1, 50] білеміз. Жинақ – қазақ әдебиетінің бірегей антологиясы. Бұл қарапайым ғана жоқтау үлгілерінің жинағы емес, қазақ халқының тарихи тәжірибесін, құндылықтарын, дүниетанымын көрсететін рухани өмірінің өзіндік шежіресі деп қабылдануы тиіс.

М. Әуезовтің зерттеулері фольклористикаға, әсіресе Әуезовке дейін басқа еңбектерде жан-жақты айқындалмаған ізденістерге маңызды өз үлесті ғылыми жаңалығын қосты. Ғалым «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде тұрмыс салт жырларын «сыршылдық, салт өлеңдері» деп түсініп, жоқтау жанрын қоштасу, естірту, көңіл айтулармен бірге мұң-шер өлеңдері деп топтастырып, олардың алған шыққан мезгілін нақты айту қиынға соғатыны туралы пікір айтқан [2, 50]. Бұл зерттеу қазақ ғалымы мен фольклортанушы Б. Кенжебаевта жалғасқан, мұнда ол фольклорлық жанрларды жіктеуде жоқтау өлеңдерін мұң-шер өлеңдерінің тобына жатқызған. Осы кішігірім (ғалымдар пікірі) тұрмыс-салт жырларының ішіндегі жоқтау жанрының жіктелуі көбінесе кеңірек, әлеуметтік немесе тарихи маңызы бар эпикалық шығармалардан айырмашылығы, олардың жеке тәжірибелермен, тұрмыстық және отбасылық өмірмен байланысын баса көрсететінін атап өткен жөн. Дегенмен, олардың «ұсақ-түйектеріне» қарамастан, мұндай шығармалар көбінесе терең эмоционалды күш пен мәдени

мағынаға ие деп ойлаймыз. Жалпы әлем әдебиетінде де қайтқан адамды жоқтау марқұмның ұмытылмауын қаматамасыз етумен қатар, «жақын адамның қайтыс болуына жауап ретінде сезілетін күрделі эмоционалды тәжірибе немесе процесс» екендігі айтылады [7, 35].

Фольклортанушы Жүсіпов Нартай Қуандықұлы фольклорист Мәшһүр Жүсіп *жазбаларындағы жоқтау өлеңдерінің* текстологиясына талдау жүргізіп, Радлов нұсқасымен салыстырған. Жазбаларындағы жоқтау өлеңдерінің фольклорлық дәстүрі және өз авторлық жоқтау өлеңдерінде көрініс тапқан көркемдік пайымдалды.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінде жоқтау әндерінің (жоқтау) бай тарихы мен өзіндік ерекшеліктері бар. Көбінесе импровизация сәтінде туатын бұл әндердің белгілі бір қалыптасқан формасы жоқ және олардың мазмұны өлімнің нақты жағдайларына, марқұмның өмір сүрген ортасына, мінезі мен туыстық қарым-қатынасына және қоғамдағы рөліне байланысты құрылады.

Жоқтау өлеңдерінің басты мәні – қайтыс болған адамның жақсы істерін мақтау, дәріптеу, соңында қалған ұрпағына үлгі ету. Сонымен бірге ата-бабаларды құрметтеу, өлгендерді еске алу және олардың өміріндегі мұраларын жалғастыру сияқты терең құндылықтар беріледі. Жоқтау әндері деп айтылатын себебі аза өлеңдер және туысты, белгілі тұлғаны аза тұтып, жоқтау әуенмен айтылған. Сол адамның өмірде жасаған жақсы ісіне тағы да бір өмірден өткен кезінде сүйсініп тәлімдеу болған. Мәдениеттануда қарастыратын зерттеу болғандықтан біз бұған көп тоқталмадық.

Жоғарыда берілген (негізгі ережелер) [1]-[6] дәйектемімізде зерттеушілер жоқтау әндердің түпкі тарихы көне дәуірден бастау алатынын, қазақ даласындағы көне түркілік дәуірлерге, тіпті сақ-ғұн кезеңдеріне баратынын нақтылағанын көрсеттік. Бұл дәстүр кейін қазақ хандығы дәуірінде кеңінен дамып, ауыз әдебиетінің маңызды жанрына айналды.

Мақала мақсатына жету үшін алдымен әдебиеттануда жоқтаудың мәнін түсіндіріп, анықтама берген теориялық зерттеулерді қарастырып, теориялық негіз ретінде жоғарыда айтылған ғалымдар еңбектерінен пікірлер зерделеніп, шолу жасалды, талдау жұмысымызға негіздеме алдық.

Мәшһүр Жүсіптің шығармалар жинағының I, II, IV томында берілген түсініктерге сәйкес жоқтау үлгілерімен қатар фольклорлық дәстүр негізінде туған өз туынды жоқтау нұсқасы бар екендігіне назар салып, нысанға алдық. Осыдан келіп ақынның фольклорлық дәстүрде жалғасқан, ара-жігі ажыратылмаған авторлық шығармашылығынан іріктелген жеті жоқтау өлеңін айқындау, оның көркемдік ерекшелігін тану өзектілікке айналды.

Осылайша, қазақ әдебиетіндегі жоқтау жанры ұзақ ғасырлар бойы фольклорлық негізде дамығанымен, оның ақындар шығармашылығында авторлық сипат ала бастауы әдебиеттану ғылымында әлі де терең зерттелмей келгенін анықтадық.

Нақтырақ айтсақ, ғылыми орта Мәшһүр Жүсіп Көпеевті жоқтау үлгілерін жинақтаушы ретінде таниды, мойындаған. Тіпті зерттеу нысанына түспеген Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында жоқтау жанры барын, оның авторлық туынды екенін қарастырылмай қалыс қалған тұсын таныдық. Фольклорлық дәстүрдегі жоқтау жанрына Мәшһүр Жүсіптің өзіндік көркемдік, идеялық өзгерістер енгізгені мәшһүртанушылар еңбектерінде ізденісте болмағанын пайымдап, фольклорлық дәстүрдің авторлық еңбекте көрінуінің зерттеуден қалыс қалғанына мән бердік, тақырып етіп таңдадық. Мақалада фольклордағы жоқтау жанрының фольклорлық дәстүр аясында дамып, авторлық сипаттағы туындыға айналғаны қарастырылды. Ақынның жоқтау мәтіндері халықтық пішіннен ерекше, ақындық ойлау мен дара стильдің көрінісі ретінде зерделенді. Осы арқылы фольклор мен жеке шығармашылықтың өзара ықпалдасуы байланыстары ашылды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу сұрағы өзектіліктен туындады. Фольклорист ретінде танылған Мәшһүр Жүсіп

фольклорлық дәстүрді авторлық нұсқада көркемдеген шеберлігі ғылыми айналымда жеке, жете қарастырылған ба?

Зерттеудің негізгі мақсаты Мәшһүр Жүсіптің жоқтау өлеңдерін талдау және оның халық ауыз әдебиетіндегі фольклорлық дәстүр үлгісіне қатыстылығы, ерекшелігі, авторлық үлгідегі жалғастығын көрсету. Осы тұрғыдан ақынның шығармаларының ішінен зерттеу нысанына Мәшһүр Жүсіптің «Исабек ишан», «Қамаралдин Хазірет», «Мұса Шорманұлы», «Мәшһүр Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы», «Әменді жоқтау», «Әмен қазасына», «Бір әйелдің ботасын жоқтағаны» жеті авторлық жоқтау жырғы алынды.

Мақала болжамында Мәшһүр Жүсіптің жоқтау жанрындағы философиялық мән маңыздылығының көрсеткіші ретінде қоғамның өмір сүру салтын да көрсете алғанын талқы арқылы дәйектеу мүмкіндігі бар.

Зерттеу жүргізу барысында қазіргі қазақ әдебиеттану әдіснамасының авторды зерттеуге бағытталған және феноменологиялық, әлеуметтік (социологиялық) әдістері таңдалды. Фольклорлық жоқтаулар мен фольклорлық дәстүр үлгісіндегі авторлық жоқтау сабақтастығын дәлелдеу үшін аталған үш әдіс қолданылды.

Талдау нысанындағы мәтін мазмұнын (ақын шығармаларындағы жоқтау өлеңдері) талдау мақсатын орындау әрекетімізде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өзіндік стилі сақталды.

НӘТИЖЕЛЕР

Ақын, қоғам қайраткері Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің авторлық жоқтау жырлары ақынның өз тағдырында болған оқиғаларын бейнелеп қана қоймай, қазақ халқының мәдени болмысының, халық ауыз әдебиетіндегі фольклорлық тәжірибе жалғастығының тереңдігін көрсеткен. Ақын стилі терең лиризм және дәстүрлі поэтикалық әдістерді қолданудың өзіндік өрнегімен сипатталады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында, оның ішінде біз талдап отырған жоқтау жанрындағы фольклорлық дәстүр мұнды, қайғыны білдіру тәсілі ғана емес, терең философиялық ойлар, адам бойындағы рухани қасиеттер мен әлеуметтік мәселелерді қозғайтын маңызды құрал. Талқылау бөлімінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің авторлық жоқтау өлеңдерінен сол кездегі өмір сүрген адамдар, тарихи кезеңдер туралы жалпы ақпараттың кең берілетінін аңғарамыз. Ақын кесек тұлғалар образын жасауда ерекше шеберлікпен танылды. Бір жоқтау жырғының өзінен Қазақ даласында туып-өскен тұлғалардың тарихи деректемелері мен сол заманның этнографиялық және шежірелік ақпараттарына, сондай-ақ қазақ қоғамының өзіне тән ерекшелігіне көз жеткіземіз. Жоқтау жанрындағы бір ғана лирикалық қаһарман төңірегінде толық ақпарат беріледі. Мәшһүр Жүсіп Көпеев тұлғатанушы тұрғысында маңызды ақпарат келтіре білген. Сол себепті жоқтау өлеңдерінде суреттелген кейіпкерлер XX ғасырдың басындағы заманның қаһармандары болып танылады.

Халық ауыз әдебиетіндегі жоқтау жанрларындағыдай ақынның авторлық жоқтау өлеңдерінде тек шер шығарып, қайғы-мұнды білдіру қана емес, өнегелі өмір сүруге ой тастайды. Бұны ақынның жоқтау үлгілері арқылы дәлелдеуге болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы шын мәнінде қазақ әдебиетінің фольклорлық дәстүрін жандандырған және оның бір дәлелі жоқтау әндері деп айта аламыз. Ақын тек фольклорлық дәстүр элементтерін көрсетіп қана қоймай, оларды байытып, түрлендіріп, қазақ әдебиетінде жаңа көркем образдар жасады. Оның шығармалары, яғни жоқтау әндері, бақи дүниеге кеткендерге құрмет көрсетіп қана қоймай, бүгінгі ұрпақты тарихпен, қазақ халқын ұлт ретінде анықтайтын мәдени және рухани негіздермен байланыстыруға көмектеседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларында фольклорлық дәстүр кеңінен қолданылғаны берілген жеті жоқтау үлгілері арқылы баяндалған. Оның туындыларында ауыз әдебиеті үлгілерінің элементтері маңызды орын алады. Сондай-ақ қазақ жұртының мәдениеті мен салт-дәстүріне, наным-сенім түсініктеріне негізделген. Ақынның жоқтау өлеңдерінде психологиялық және дүниетаным тұрғысынан халықтың рухани өмір салтын көрсеткісі келгендігін аңғаруға болады. Жалпы жоқтау жанры қаза болған тұлғаның қандай адам

болғандығын туысының басына түскен қайғысы арқылы жыр етіп жеткізуіне байланысты туындаған. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы жоқтау өлеңдерінде тек сол адамның қазасы жайлы айтылмай, тақырып пен мазмұны жағынан ерекшеленген. Ақын жоқтаған кейіпкердің халыққа танымалдылығы назарда болып, сол арқылы қоғамдық мәселелерді және елінің болашағы туралы да сөз етіледі. Бұндай әдеби дәстүр әлем әдебиетінде сақталған: «Өн мәтіндері алдын-ала дайындалады немесе сол жерде импровизацияланады, адамның қайтыс болғанын басқаларға хабарлайды, басқа жоқтаушыларды аза тұтуға шақырады, марқұмның туыстарына жақын адамымен қоштасуға көмектеседі, марқұмның тарихын айтып береді және онымен сөйлеседі» [8, 342].

ТАЛҚЫЛАУ

Мәшһүр Жүсіп Көпеев, көрнекті қазақ ақыны және қоғам қайраткері, өз шығармашылығында қазақ фольклорының бай қазынасын шебер пайдаланды. Оның шығармалары қазақтың өмірі мен күнделікті өмірін бейнелеп қана қоймай, олардан ұрпақтан-ұрпаққа бере отырып, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды насихаттаудың қуатты құралы болып табылады. Осы тұрғыда ақынның қазақ фольклорының дамуы мен жандануына қосқан үлесі көп. Ақын халық ауыз әдебиетін тек қағаз жүзіне түсіріп қана қоймай, оларды болашақ ұрпақ үшін сақтап, байыта отырып, өзінің авторлық поэзиясында фольклорлық дәстүрді қолдана отырып, жаңа көркемдік форма мен образдар жасады. Оның мұрасында қазақтардың рухани әлемін, олардың өмір мен өлім туралы, ақырет туралы ойларының бірегей көзі болып табылатын жоқтау әндері ерекше орын алады. Оның авторлық жоқтау өлеңдерінің ішінен «Исабек ишан», «Қамаралдин Хазірет», «Мұса Шорманұлы» «Мәшһүр Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы», «Әменді жоқтау», «Әмен қазасына», «Бір әйелдің ботасын жоқтағаны» атты туындыларын басты нысанға алдық.

Ақын жазған жоқтау өлеңдерді фольклорлық дәстүр тұрғысынан қарасақ, ауыз әдебиеті үлгісіндегі жоқтауда кездесетін мұрадағыдай тарихи тұлғалардың өмірі баяндалып, сол жайлы тереңірек ақпарат беретіндігімен маңызды. Халық ауыз әдебиетіндегі жоқтау жанрындағы басты ерекшелігінің бірі – батыр, билеуші немесе басқа көрнекті адам болсын, жеке тұлғаны дәріптеу және оның жағымды қасиеттерін атап өту. Бұл тарихи тұлғалардың тағылымын, өнегесін, портретін тарихта, әдебиетте қалдырған фольклорлық негіздегі еңбектер болғаны және оған шығармашылық шабытқа айналу ерекшелігі деп танылды. Елінің қамқоршысы, ақылгөй данасынан, біртуар азаматынан айырылуы халық үшін өте қайғылы екені анық. Артынан жоқтау айтып, ұрпағына оның есімін мұра етіп, ерлік ісі мен ұнамды қасиеттерін есте қалдырады. Қайтқан адамның жақсы жақтарын көпшілікке жеткізіп айту, оны еске алу басқа халықтың салт-дәстүрінде де кездеседі. Әр халықта бұл көрініс әртүрлі болады. Еуропадағы панегиристер арқылы қайтқан адамның есімін ұлықтап, артында қалған туыстарына игі әрекеттерін айтуға бағытталған [9, 7].

Халық ауыз әдебиетіндегі жоқтау жанры мен ақынның жоқтау туындыларындағы ұқсастық – оның мазмұнында. Халықтық және авторлық жоқтауда да өлген адамды жоғалту мақсатында айтылған ішкі зар мен шер. Қайғы-қасірет сезімі айқын көрінісі орын алған. Белгілі бір оқиғалар, қазаның ауыртпалығы мен марқұмның тірі кезіндегі жасаған ізгі де игілікті істері жоқтауда эмоциялық ауыртпалық түрде айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Исабек Ишан» жоқтауы осыған дәлел бола алады: «Жасынан-ақ халыққа пірлік қылған, Хақлық болса, бас тартпай ерлік қылған», «Тон болған тондырмайтын жалаңашқа, Ас болған таусылмайтын қарны ашқа, Арымас ат, жаяуға көлік болып, Әр мұңлыға ем болған басқа-басқа», «Бақ, дәулет, ырыс, несіп болып еді, Көріп пенен ғасердің талайына» [10, 275].

Исламдық салт-дәстүрде «бісміллә» сөзі ерекше. Бұл фольклорлық дәстүр сипатында да маңызы бар.

Жалпы қазақ халқының дәстүрінде сөз бастар алдында немесе белгілі бір іс-әрекетті бастамас бұрын «бісміллә» деп айту – сөздік берік, қасиетті әрі маңызды болуын ниет ету белгісі. Аталған жоқтауда деп «бісміллә» сөзінен бастап ишанды асылға балайды:

«Бісмілла, сөз бастайын, асыл тектен,
Түскендей асыл еді-ау аспан көктен!
Керуендей бұл дүниеге аз күн қонып,
Паниден, жақсы, жаман, – бәрі де өткен».

Халық ауыз әдебиетінде «бісмілләмен» бастау сөздері әдетте шежірелік немесе эпикалық жырларда жиі кездеседі.

Исабек ишанның көзі тірісінде өз заманында оған дейін білімпаздардан кем түспегенін аңғартқан: «Бір жұрнақ заттан шыққан асыл еді, Қара түгіл қожадан асып еді», «Пір болып кереметлі шыққан жастан, Данышпан, ақылды еді жұрттан асқан», «Пір болып кереметлі жұрт бастаған, Заманында өзінен жан аспаған» [10, 275]. Осы сипаттамалардан оның ақылдылығы мен маңыздылығын суреттеумен қатар, оның қайтқанына қайғырып тұрғаны айқындалады. «Түскендей асыл еді-ау аспан көктен!» деген өлең жолдарынан ақынның әлемді, дүниені және жоқтаудағы кейіпкеріміз Исабек ишанды жоғары рухани көзқараспен танығаны көрініс тапқан. «Аспан көктен» деген сөздер халықтың дәстүрлі дүниетанымындағы құдайылық немесе жоғары күшке, асқақ рухқа деген сенімді көрсетеді. Фольклорда «көк» түсі – аспан, мәңгілік, жоғары рухани әлемнің символы ретінде қолданылып келеді. Мәшһүр Жүсіпте де Исабек ишанның адами қалпы, оның адамгершілік, ізгілік істері қарапайым адамнан өзгеше екенін «Түскендей асыл еді-ау аспан көктен» деген сөз қатарымен келтірілген. Бұл ақынның да, ақын жұбатып отырған халықтың да Исабек ишанды жоғары бағалағанын оның асылдығына толық сенгенін көрсеткен. Ақын жоқтау өлеңінде осындай символдық тәсілді қолданған және оның фольклорлық дәстүр үлгісінде авторлық мазмұнда жалғастырған.

Тағы да: «Шариғаттың жолынан адаспаған, Дін тұтпаған наданға жанаспаған», «Жасынан артық болған алапаты, мың сан жанға жеткендей шарапаты», «Ықылас берген адамды артық күткен, Ата-анадан ол артық тәрбие еткен» [10, 275] – деген жолдардан Исабек ишанды (кейіпкерді) жоғалтуға деген қайғы мен оның жанының тазалығы, көпке көмегі жайында айқын көрініс тапқан зарды көреміз.

Ишанның ішкі рухани, адами қасиеті ғана емес, сонымен бірге оның сыртқы келбеті де ерекше аталғанын байқаймыз: «Ақылың мол, күш-қуат білектім-ай..., сүйікті хәм көрікті, жомарт, әділ» [10, 276]. Мұнда дүниетанымы мен сыртқы келбеті тең жарасқан портрет берілген.

Ақын халыққа басу айтқан жоқтауында Исабек ишанның дүниеден өткенге дейінгі елдің алдындағы жүріс-тұрысына дейін мән берген: «Жылжыған жорғадайын көшелім-ай!» [11, 275] тармағы осыны дәлелдейді. Аталған тармақтан қазақтың фольклорлық поэтикасына тән бейнелеу құралдары көрініс тауып және оны ақын өз үлгісінде шебер қолданғанымен ерекшеленді. Мұндағы «жорға» сөзі ерекше символдық мәнге ие. Ол тек жылқының ерекше жүрісі ғана емес, сонымен қатар сұлулықтың, әдеміліктің, сұлу қозғалыстың бейнесі ретінде болады. Ақын осы теңеу арқылы ишан жүрісіндегі салмақтылықты, сыпайылықты, ішкі парасат пен көркем мінезді жеткізді. Бұл жердегі «жорға» – ишанның сыртқы кейпін ғана емес, оның рухани байлығы мен көреген көшбасшылығын бейнелейтін терең образға айналған.

Авторлық жоқтау өлеңдегі Исабек ишанның портретінде ең құрметті кісі болған сипаттамасын: «Жомартлығың сахаба Сәдуақастай» [10, 276], – деп берген. Халық арасында аңыз болып тараған сахаба Сәдуақастың жомарттығын Исабек ишанның бойынан көргендігін және оны халыққа есте сақтау, есте қалдыру өнегесінде көркемдеген. Бұл тұрғыда жоқтау әндері адамға, тіпті ол кеткеннен кейін де, оған деген терең құрмет пен сүйіспеншіліктің көрінісі бола алады.

Мәшһүр Жүсіп авторлық жоқтаулары мен халық ауыз әдебиетіндегі жоқтаулардың арасында дәстүрлік байланыс бар. Ақын өзінің «Қамаралдин Хазірет» атты жоқтауында хазіретті парасатты, білімді, асыл адам ретінде дәріптейді. «Ғылымды он екі пән – тамам білген, іші-тысын толтырып Тәңірім берген», «Дария мұхиттай шыр айналған, Болмаған мұндай ғалым осы қырда», «Жеріне жүрген, тұрған үлгі шашқан, Шишманның тұнып жатқан көзін ашқан», «Ғұлама мұнан артық болсын қандай, Көз көрмес, естімеске бұл заманда-ай», «Ғалым жоқ мұнан асқан Қараөткелде, Атбасар, Көкшетау мен қалың елде» [10, 303], – жоқтау

мазмұнында оның мейірімділігін, білімін, ғалымдығын мадақтап жоқтайды. Жоғарыда талданған авторлық жоқтау фольклорлық дәстүр еңбегіндегі көркемдеу тәсілін ғалымдар пікірімен түйіндесек: «...жоқтаудың өзегі – байлықты, хандықты дәріптеу емес, көнеден бастау алған жеке қаһарманды фольклорлық дәріптеу. Хан емес, қарапайым адамды жоқтаудың өзінде оны ең биік дәрежеге жеткізу – жанрдың өзіндік ерекшелігі» [11, 14].

Келесі қатарда оның сабырлылығын, парасаттылығын, ізгілін арнайы атап өткеніне назар аудардық: «Салмақты, сабырлы еді-ау қара жердей, Ала аяқ жұрттан озған бәйге кердей», «Жақсы деп, жан біткенді мақтаушы еді, Шығармай ішке сырын сақтаушы еді», «Үлкенге-үлкен, кішіге кіші мінез, Әркімнің, сөйлеуші еді, көңілін ашып» [10, 308]. Салыстырып байқайық, фольклордағы бәйге – еркінділік, тектілік, батырлық символы. Бәйгеге қосылатын жүйрік ат – тек жарысқа арналған жануар емес, ол ерліктің, қайсарлықтың, жұрттан озатын даралықтың көркем бейнесі ретінде танылады. Ақын осы дәстүрлі символды қолданып, хазіреттің дара қасиеттерін – рухани тектілігін, өзгеден озық тұрған болмысын бәйге атқа теңеу арқылы берген. «Жұрттан озған» деген тіркес те халық ауыз әдебиетінде кең тараған. Осы жол арқылы ақын Қамаралдин хазіретті елден озған, дара шыққан тұлға ретінде сипаттайды, бұл – жыраулық дәстүрдің, жоқтаулар мен мадақ жырларының жалғасы іспетті көркем поэзиялық тәсіл. Автордағы бір ерекшелік «Ала аяқ жұрттан озған бәйге кердей» тармағындағы «ала аяқ» қолданысы, яғни бәйгенің кезінде шапқан жүйріктің жылдамдығы, оның шашасына тиген топыраққа қатысымен байланысты туған көркемдік деп таныдық. Осы көркемдік хазіреттің де ел үшін, халық үшін жанын аямайтын бәйге атындай жанкештілігін көрсеткен.

Хазіреттің кеңпейіл, ешкімді жат көрмейтін, барша адамға ізгі ниетпен қарайтын бейнесін жоқтаудың келесі шумағынан көреміз: «Жақсы деп, жан біткенді мақтаушы еді, Шығармай сырын ішке сақтаушы еді». «Елден көшіп жатса да біреу білмей, Қайырып жанның бетін қақпаушы еді» [10, 314]. Осыдан сөз қадірін, сыр қадірін білетін адамның белгісі танылады. Хазірет өзінің ішкі жан дүниесін бақылауда ұстай алатын, артық сөз айтпайтын, төзімді адам бейнесінде сипатталады. Мұндай сипат фольклорда би, абыз, дана қарт бейнелеріне тән болған. Бұл дәстүр үлгісі Мәшһүр Жүсіпте жоқтау жанрында дамытылған.

Тағы бір қарастырғанымыз жоқтау жолдарындағы «Қырмызы қызыл жібек мінезденген, аузынан шыққан сөзі шекер балдай». Мәшһүр Жүсіп хазірет мінезінің көркемдігін, байсалдылығын жібекке, қымбат матаға теңеген. Әдетте, «қырмызы қызыл жібек» ер адамға қатысты бейнелеу құралдарында кездесе бермейді, мұндағы ақынның берген суреттемесі мінезі өте жайлы ғалым-хазірет болғанынан хабардар етеді.

Жоқтаудағы: «Білгенді, білмегенді бәрін құп деп, Ешкіммен емес еді ерегіскен» [10, 305], – деп берілген тұсы хазіреттің адам баласымен ешуақытта тартысқа түспегенін, бәрін байыппен орындайтын адам болғанына суреттеме жасайды. Хазіреттің ерекше сабырлығы мен төзімділігін, ұрыс-керіске бармайтын парасаттылығын білдіреді. Ол сопылық әдебиетте де, жыраулар поэзиясында да ерекше дәріптелетін сипат. Қазақ қоғамындағы жыраулар мен би-шешендер ел ішіндегі дауды дауыс емес, сөзбен, парасатпен шешкен. Асан Қайғы, Бұқар жырау секілді тұлғалар өз заманының ішкі саяси және әлеуметтік қайшылықтарын нақты біліп, оны бейбіт жолмен шешудің жолдарын іздеген. Ендеше дау-жанжалдан аулақ болып, дана шешімге басымдық беретін хазірет бейнесі қазақтың дәстүрлі әділеттілік, дауды шешу жолдары түсініктерімен үндеседі.

Мәшһүр Жүсіп Қамаралдин хазірет бейнесін фольклорлық дәстүр үлгісіне сәйкес көркем тәсілдер арқылы сипаттағанын келесі жолдардан көреміз: «Мынбырда хатпа оқыған хош әуезін, Бұлбұлдай шаманларда тұрған сайрап» [10, 308]. Бұлбұл халық ауыз әдебиетінде әсем үннің, шешен сөздің, лирикалық шабыттың символы ретінде қалыптасқан тұрақты бейне, ал Мәшһүр Жүсіпте мінберден халықты жұма уағызға ұйыта алған, яғни көсем секілді образ берген. Сонымен қатар, бұлбұл бейнесінің әлеуметтік-құндылық сипаты Шығыс поэтикалық дәстүрінен және қазақ халық әндерінен бастау алады. Бұл образ әсіресе сал-серілер дәстүрінде кеңінен дамыды. Хазіретті бұлбұл құсына теңеу арқылы оның сөз өнеріндегі шеберлігі мен дауысының әсерлілігін, тыңдаушыны баурап алатын қасиеттерін көреміз. Бұл теңеу –

көркемдік үндестік қана емес, рухани ықпал ету күшін де меңзейді. Халық дүниетанымында шешен, көсем тұлғалардың сөзі ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, тәрбиелік және танымдық әсері зор, рухани қуатқа ие сөз ретінде қабылданған. Осы тұрғыдан алғанда, бұлбұл образы – Қамаралдин хазіреттің ел алдында насихат айтудағы әсерлі үні мен көркем сөз шеберлігінің поэтикалық сипаттамасы болады.

Мәшһүр Жүсіптің жоқтау өлеңіндегі Қамаралдин хазіретке ең маңызды сипаттамасы: «Бір гауһар қолға түспес асыл еді» [10, 308]. Бұл арқылы хазіреттің тұлғалық сипаты өміршең екенін, тірі кезінде атқарған қызметі жыл өткен сайын өнегелік мұрамен жалғасатынын меңзеген. Гауһардай бағалы, ұштала түсетін өмір сүру қағидасының үлгісі екенін көрсеткен. «Исабек ишан» жоқтауында да «Тазарып шыққан гауһар асыл тектен», – деп қымбат таспен салыстыруы ишан тұлғасының ұлылығын, тазалығын, гауһар сияқты жарқырап жарқырап тұратын образын жасаған.

Адамның қазасы физикалық жоғалту ғана емес, сонымен қатар рухани тұрғыдан да маңыздылығын аңғартады. Мәшһүр Жүсіптің жоқтау жанрындағы философиялық мәнімен қатар қоғамның өмір сүру салтын да көрсете алған. Құдайға сенім, ақырет жайындағы ойлар жоқтауда Исабек ишанның дүниеден өтуі Құдай қалауымен болатынын жеткізген: «Сүннатын пайғамбардың мағхам тұтқан, Кәнеки, кім бар еді сонан басқа-ай! Сөйлеген әрбір сөзің – ғылым, хикмет, Өзіне тәңірім берген бан минхнат. Тариқат, мағрипаттан үлгі шашқан, Құдайға бек лайықты қылып қызмет» [10, 276] деген «Исабек Ишан» жоқтауынан сол қоғамның сенген сенімі, діни көзқарасы ашылады. Халық ауыз әдебиетіндегі жоқтауларда діни ұғым, дінді ұстану көріністері беріліп отырған. Авторлық жоқтауда да осы фольклорлық дәстүр сақталған.

Қайтыс болған адамды осылайша сипаттау жоқтаудың мәні. Адамның сыртқы тұрпаты мен ішкі қасиеттерімен тығыз байланысты біртұтас тұлға ретінде еске алуға және құрметтеуге көмектеседі.

Осылайша, фольклорлық аза тұту тек жоғалтуға ғана емес, сонымен бірге адам туралы, оның еңбегі мен ізгілігі туралы есте сақтаудың бір формасы ретінде және жоғары мораль мен құндылықтардың символына айналдырады. Мәшһүр Жүсіптің екі жоқтауын талдаудан пайымдағанымыз, халық ауыз әдебиетіндегі жоқтаудағыдай Исабек ишанды, Қамаралдин хазіретті жоқтау өлеңдері өмірден өткен адамның жақсылықтарын дәріптеп, басқаларға үлгі ету мақсатында дүниеге келген. Ишан мен хазіреттің өміріне, оның игі істеріне, оның адамгершілік қасиеттеріне және қоғамдағы рөліне баса назар аударылады. Өлім тек трагедия ғана емес, сонымен бірге адам өміріндегі игі істерді еске түсіру арқылы жалғасады деген ой жеткізіледі. Бұндай ізденіс Luca Tateo мақаласында талданған: «Жоқтаушы сезімдерінің шынайылығы мен қайғының эмоциялық күйзелісі басты орынға шықты» [12, 276]. Осыдан байқайтынымыз, Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда талданған авторлық жоқтау өлеңдеріндегі басты ерекшелік – қайғыны сырттай емес, жүреппен сезіну. Ақынның осы жоқтау өлеңдеріндегі қайғы-қасіреті үстірт емес, терең, шын жүректен, іштен көрінетіндігімен айқындалды.

Мәшһүр Жүсіптің ұлт тарихындағы тұлға Мұса Шорманұлына қатысты екі авторлық жоқтауы бір-бірімен ұқсастықты көрсетеді. «Мұса Шорманұлы» атты жоқтауының ішінде Мұса Шорманұлының өмір жолы мен жеке қасиеттерін дәріптеп, оның халқы үшін жасаған еңбегін еске алады. Ал, ұрпағының атынан атасына деген жоқтау сарынындағы сағынышын айтқан келіннің «кейіпкердің» атынан сөйлеген «Мәшһүр Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы» оның ерлігі мен еңбегі бағаланатын жоқтау үлгісі болып табылады. Келін атынан атасын жоқтап айтылатын жоқтау үлгілері халық ауыз әдебиетінде де кездеседі. Фольклордағы жоқтау мен авторлық жоқтау өлеңдеріндегі келін атынан айтылуында ерекше мән бар. Бұл отбасы құндылықтары мен туыстық қатынастың тереңдігін көрсететін бірегей туынды болып табылады. Келіннің атасы туралы жоқтауы оның жүрегіндегі құрмет пен махаббаты, сол адамға деген бауырмалдық сезімдерін паш етеді.

Халық ауыз әдебиетіндегі жоқтау өлеңдерінің айқын бір көрінісі – халық шығармашылығына тән көркемдеуіш айшықтаулар мен құралдарды пайдалану. Жоқтау – бұл жай ғана жылау емес, мұнда қайғырушылардың эмоционалды сезімдерінің бүкіл палитрасын жеткізетін жанр түрі. Ол трагедия мен эмпатияның әсерін күшейтетін арнайы поэтикалық

құралдарды қолданумен ерекшеленеді. Ғалым М. Ғабдуллин «....жоқтауларда өлген адамның жағымды бейнесі жасалған, әдемі теңеулер мен метафораларды қолданған» [5, 103], – деген пікір айтады. Бұл құбылыс Мәшһүр Жүсіп жазған жоқтау жырларында ерекше байқалады. Оның шығармашылығында жоқтау жырлары қайғының ащысын жеткізетін терең сезімдер мен жарқын және эмоционалды бай эпитеттер мен теңеулерге толы.

Фольклорда көшбасшылар мен батырларды, сондай-ақ сол қоғамның айрықша тұлғаларын жоғары бағалау, оларды табиғат пен әлемнің ең асыл, құнды элементтерімен салыстыру кең таралған. Ақын да осы фольклорлық дәстүр үлгілерінен алшақтамай, өз шығармаларында бейнелеу үлгілері мен көркемдік тәсілдерді тиімді қолданған «Мәшһүр Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы» арнау жоқтауында фольклорда жиі кездесетін «Аспанда жарық жұлдыздай, Маңдайға біткен құндыздай», «Толған айдай толғаның», «Мұхит-дария суындай», «Атамыздан айырылып, Асқар таудай болды ғой», «Қалыпқа құйған гауһардай», «Жүзіктің гауһар тасындай», «Айдынды шалқар теңіздей», «Сардар қаһар арыстандай» [13, 45] деген теңеулер қолданысы халық ауыз әдебиетінің фольклорлық дәстүр негізінде жасалған. Ол халық поэзиясындағы нақышты сөздерді өз жоқтауларында шеберлікпен қолдана білді. Ақынның жоқтау өлеңінде Мұса Шормановты аспандағы жарық жұлдызбен теңеу арқылы оның ұлылығын, айрықша қасиетін суреттейді. Жоғарыдағы «жұлдыз», «құндыз», «гауһар», «арыстан» сияқты символдар адам бейнесін суреттегенде маңызды сипаттар болып табылады. «Бұлбұлдайын сайраған, бұлақтай ағып қайнаған» [13, 43], «Бас қосылған жиында бұлбұлдай болып сайраған, бұлақтай ағып қайнаған. Сөйлеген шақта көздері шамшырақтай жайнаған» [11, 287], – дей отырып Мұса Шормановтың кескін-келбетін сипаттағанда ақын оны бұлбұл құспен теңестіріп, аллегориялық бейне жасайды. Ал, өз кезегінде ғалым С. Негимов осынау ой-толғаныстардан Тайбурылдың шабысын елестетеді. «Өрден өрге, қиядан қияға самғайды, буырқана толғайды» [6, 240]. Ғалымның айтуынша осынау жоқтау – ұлттық поэзия тарихындағы үздік үлгі [6, 232].

«Үзілмей келген асыл тек!

Үзілмей келген асыл тек!

Айта алмас ешкім бекер деп»,

«Құдайым қалап туғызған,

Құдайым қалап туғызған,

Лайық қылып орынға!» [13, 44] – берілген шумақтан фигураның бір түрі қайталау әдісі қолданылған. Осындай қайталаулар халық ауыз әдебиетіндегі жыраулар поэзиясында көп кездесіп, жыр әсерлілігін күшейтеді. Мәшһүр Жүсіп те қайталау әдісі арқылы қайғы-қасыретті күшейтіп, келін атынан жазған жоқтауында эмоциялық күшті арттырды. Мұса Шормановты «асыл тек» деп суреттеуінен оның ішкі жан дүниесінің, тәрбиесінің және моральдық келбетінің жоғары екендігін көреміз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев осы жоқтау мәтінінде Мұса Шормановтың өмір жолын, қоғамдағы орнын, оның ішкі жан дүниесін ашатын терең де сан қырлы портрет жасады. Келін тұрғысынан жазылған бұл жоқтауда ақын марқұмның қазасын физикалық тұрғыдан ғана емес, психологиялық-психоэмоциялық деңгейінде де бейнелейді. Осыған келесі жолдар дәлел бола алады:

«Адастым ғой ақылдан

Жиярмын қайтіп есімді!

Өткіздім ғой бұл жаста

Жылаумен ерте-кешімді!» [13, 41].

Халық ауыз әдебиетіндегі жоқтау жырларында ата-ананың баласынан айырылғанда шығарған жоқтау түрлері көп. Бұл әндерде анасы немесе әкесі, әдетте, марқұмды жылап қана қоймай, әділетсіздік сезімін, қайтыс болған адамды қайтара алмаудың азабын білдіреді. Халық ауыз әдебиетіндегі «Мамайды шешесі Қараүлектің жоқтап айтқаны», ақындарымыз Абайдың Әбішті жоқтауы, Жамбыл Жабаевтың Алғадайды жоқтауы сияқты Мәшһүр Жүсіптің баласы Әменді жоқтауы бар. Ақынның «Әменді жоқтауында» оның авторлық жоқтауларының ішіндегі ең ауыры, бұл түсінікті де. «Ақсамақ тұлпар – ордан, сұңқар – тордан, Ер жігіттің ажалы – бейнетқордан» [14, 247], – деп берілген жолдан Әменнің Ташкентте мектеп

интернатында мұғалім болып істеп жүргенде, сүймегеніне еріксіз қосылған жас келіншектің құқығын қорғаймын деп қаза болғаны айтылады. Адам үшін өзінің туған баласын жоғалту – сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес ауыртпалық. Фольклордағы жоқтау болсын, ақын жоқтауы болсын – бәріне бір ортақ дәстүр, ол физикалық жоғалту емес, бұл үміт, арман, болашақ жоспарлардың жоғалуы.

Жоқтаудағы кейіпкер жайлы: «Дүниеге жігіт еді, берік, ұқыпты, Шалдырмас-ау деуші едік-жанға тіпті!», «Бәрінің ең алды еді барып тұрған», «Мұндай ұл туа бермес бұл алаштан, Алашқа абыроймен атын пашқан» [14, 247] деген жолдары арқылы Әменнің бойындағы адами құндылықтарын да жіті суреттеген. Әменнің адамгершілігі, әйел басына құқық беремін деп әділетсіздікті болдырмауға ұмтылуының арқасында қаза болуын ақын ащы зармен жеткізеді: «Бір кедейдің сатылған қызын аяп, Жоқ жерде жетті-ау ажал болмашыдан!» Ақын Әменнің жолдастарын да айтып өтеді, оларға да аяқ астынан болған Әмен қазасы қиын сынақ болғанын көрсетеді. «Ғазымбек, Хамит, Сапа Уәлиханов, Үшеуі қылған қайрат жанын салып», «Калатин, Ғиных Колетов, Ибраһимов, Бірінен күйгендіктен бірі өтеді», «Түбі – тама: Оспанов Садуақас ер, Күйініп көзге түскен жан жолдасы» [14, 251]. Мәшһүр Жүсіп ұлын жерлеуге көмектесіп, эмоционалды қолдау көрсеткен осындай шынайы достары болғанын мақтан тұтып толғайды. Ұлының туған елінен жырақта қапыда қайтыс болуы да ақынның қайғысын күшейтеді: «Өлгені отыз үште, қыршын жасы, Ташкентте екен тататын сыбағасы» [14, 249].

Фольклордағы жоқтауларға тән дәстүрлік – ылғи дұғамен, Аллаға шүкіршілік жасаумен аяқталып отырады. Ислам дінінде ризашылық пен дұға – бұл Құдайдың рақымына деген құрмет пен сенімді көрсету, сондай-ақ тірілер мен қайтқан адамдар арасындағы байланысты нығайту тәсілі. Халық ауыз әдебиетіндегі: «Ақырын Алла оңғарсын, Ақиретте шапағатшы болсын», «Алладан иман сұрайын, Басыңа жансын шамшырақ», «Иман беріп Құдайым, Ұжымақта болсын тұрағың», «Ғұмырын жазған бір құдай, Дұғаныздан тастама» сияқты жолдардан марқұмды жоқтап қана қоймай, оның жанының ақыретке өтуге көмектесетін дұғамен аяқталып отырады. Мәшһүр Жүсіпте де осы дәстүрлік байқалды. «Құдайға көп ризамын (ырзамын) қат-қат шүкір, Толық боп жарап кеткен құрбандыққа» [14, 245]– деп, шүкіршілік жасайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осылайша халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі жоқтау жанрынан өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын аңғаруға болады. Оның жоқтау өлеңдері көлемі жағынан ұзақ, термеге ұқсас болып келеді және жоқтау өлеңінің бастан-аяқ лирикалық қаһарман төңірегіндегі оқиғаларды жырлайды. Жоқтаудың көлемінің ұзақтығы фольклорлық дәстүр негізінде құрылған.

Халық ауыз әдебиетіндегі жоқтау жанрларында тек адам ғана жоқтап қоймай, сонымен қатар жерді, малды да жоқтап, жырға қоса білген. Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің фольклор жинаушы тұрғысындағы еңбегінде «Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылаған зары» туындысында Сарыарқа жерінің табиғи байлығын, шүйгін шөбі мен таза ауасын, сол жерде өмір сүріп жатқан жұртының тіршілігін, малға жайлы қоныс екенін өкінішпен, зармен жеткізілген: «Мерекеге батқан жер, Артығын алып сатқан жер» жазбасы бар. Аң-құстың мекеніне айналған Сарыарқа жерін адамша суреттеп, осындай тіршілік көзінен айырылғалы жатқандығын күйіне жырлайтынын жазып алған. Бұл жоқтауда қазақ жұртының тарихын, салт-дәстүрін, географиялық ерекшелігін, кәсібін толықтай жырға қоса білген халық өнері байқалады.

Жоғарыда көрсеткен жазып алып, сақтаған фольклорлық дәстүр жалғастығы ақынның авторлық жоқтау өлеңдерінде байқалды. Нақты «Бір әйелдің ботасын жоқтағаны» жоқтау өлеңі деп айтамыз. Мұнда жер мен малды жоқтау тақырыптары көрініс тапқан. «Бір әйелдің ботасын жоқтағаны» атты жоқтау өлеңі күнкөрісіне талшық етіп отырған төлінің айырылуынан туындаған. Адам баласы малды да тірі адамдай қимастық сезіммен жоқтағанын, ботаны жоқтаған әйелдің ащы зарын келесі өлең жолдарынан байқаймыз: «Екі ботам бар еді қауыны май, Қара малдан аз еді-ау сауыным-ай! «Кешкі қонақ қыдыр!» деп, жұрт айтады, Енді қонақ жолатпан ауылыма-ай!». Мал төлінен айырылу мәселесі тек бір отбасындағы ауыр жағдай емес, қоғамдағы қиын-қыстау кезеңнің бейнеленуі дер едік. Ақын әйел атынан

жоқтаған өзінің 16 жолдан тұратын өлеңі арқылы мал жоғалтудың ауыртпалығын тек жеке деңгейдегі бір отбасы шеңберінде емес екендігін, сол кезеңдегі бүкіл қоғамға қатысты эмоционалды әсер ететін трагедия ретінде білдірді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығындағы жоқтау жанрының қазақ халық ауыз әдебиетіндегі фольклорлық дәстүрімен тығыз байланысы түйінделді, жеті жоқтау өлеңінің талдамасы қазіргі қазақ әдебиеттану әдіснамасының авторды зерттеуге бағытталған және феноменологиялық, әлеуметтік (социологиялық) әдістерін қолдану арқылы дәлелденді.

Фольклорлық дәстүр үлгілерін, бейнелер мен формаларды қолдану арқылы ақын халықтың мәдени мұрасы мен тәжірибесін жеткізгенімен қатар, терең эмоциялы және көркем бейнелі жанры жоқтау өлеңдер болатын шығармашылығы жинақталды. Мақала қорытындысында атап өтеріміз авторлық жоқтау өлеңдерінің бар екендігі, оның фольклорлық жинап алған мұрамен бірге жалпы жазылып жинақталып келгені анықталды. Мақаланың мақсаты мен нысаны нәтижесінде жеті жоқтау өлеңнің авторы Мәшһүр Жүсіп екендігі, оның басқа да фольклордан жинақтаған жоқтау өлеңдерінен бөліп алып айқындаған ізденіс жұмысы болғандығымен маңыздылығы артты.

Мәшһүр Жүсіптің жоқтау өлеңдеріндегі фольклорлық дәстүр үлгісіндегі авторлық шығармашылығы қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын дамытуда маңызды рөл атқарады. Ақын қазақ фольклорына үлесін қосып қана қоймай, сол дәстүрді жаңғыртқанын дәлелдеді. Оның жоқтау өлеңдерін зерттеу қазақ халқының рухани өміріне терең енуге, оның құндылықтары, өлім мен ақырет туралы түсініктерін білуге мүмкіндік беретінін, жақсы адамдардың өлімнен кейін де өмірі жалғасатынын дәлелдегенін, халықты сендіре тәрбиелегенін таныдық.

Қорытындысында ақынның жоқтау өлеңдері XX ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік және тарихи кезеңнің нақты көрінісі болатындығымен маңызды, бұл бірнеше пәнаралық ғылыми ізденіс мүмкіндігін айқындайды. Нақты теология, психология, әлеуметтану, қазақ философиясы, мәдениеттану саласындағы және Мәшһүртану ғылымын бастаған докторанттар мен магистранттарға зерттеу жұмыстарында қазақ менталитеті жайында қосымша зерттеу үшін қолдануға мүмкіндік береді.

Ақынның еңбектеріндегі фольклорлық дәстүр мәселесінің бір ғана жанры жоқтау өлеңдерін қарастырғандықтан, басқа да аңыз хикаяттары, өлең-дастандары авторлық нұсқада ғылыми ізденісте болмағаны және оның жалпы халықтық жазба мұраларымен бірге жүргені ескерілді және келешек ғылыми ізденістерге бастама болатын бағыты жүйеленді.

Бүгінгі күнге дейін Мәшһүр Жүсіптің авторлығы толық ашылмағаны байқалғандықтан, әлі де зерттеулер жүргізу қажеттілігін тудырды. Әрине, бұл тақырыпты жан-жақты ашу үшін көп еңбекті қажет етеді, дегенмен де бұл қазақ әдебиеті ғана емес, жалпы түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениетінің дамуындағы маңызды үрдістерді де ашуға септігін тигізеді деп сенеміз.

Жалпы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығындағы фольклорлық дәстүр үлгісін зерделеу – қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін түсінудің кілті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынұлы А. Жиырма үш жоқтау: [жинақ]. – Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 382 б.
- 2 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1918. – 442 б.
- 3 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 161 б.
- 4 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

- 5 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Оқу құралы. Алматы: Рауан, 2013. – 458 б.
- 6 Негимов С. Шығармалары, II том. Зерттеулер, эсселер және ой-толғаныстар. – Астана: Фолиант, 2015. – 400 б.
- 7 McCarroll C J., Yan K. Mourning a death foretold: memory and mental time travel in anticipatory grief // Springer nature link. Phenom Cogn Sci. – 2024. <https://doi.org/10.1007/s11097-024-09956-z>
- 8 Akoynoglou M. Exploring the function of the female lamenter in the bereavement process: a case study in Chios Island // Research Gate. – 2020. – pp. 339-357
- 9 Bailey T., Walter T. Funerals against death // Routledge Taylor&Francis Group. – 2015. – pp. 1-18
- 10 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. I том. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 519 б.
- 11 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013. Т. 91: Ғұрыптық фольклор: Мұң-шер өлеңдері. – 432 б.
- 12 Luca T. Cultural mediation of grief: the role of aesthetic experience // Sage. Culture and psychology. – 2023. – Vol. 29 (3). pp. 411-433. <http://dx.doi.org/10.1177/1354067X221145901>
- 13 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 434 б.
- 14 Көпейұлы М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. IV том. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 546 б.

Материал 01.07.2025 баспаға түсті

Отражение фольклорной традиций в авторских поминальных поэтических произведениях (жоқтау) Маихур Жусуп Копеева

А.Ф. Талипова¹, Н.Қ. Жүсіпов¹

¹Торайгыров университет, Павлодар, 140000, Казахстан

Данная статья посвящена анализу авторских поминальных стихов жанра жоқтау в творчестве казахского поэта Маихур Жусуп Копеева, а также изучению их тесной взаимосвязи с богатейшими фольклорными традициями казахского народа. Нами были рассмотрены взаимосвязь, общность поминальных произведений поэта с устной народной литературой, а также художественные методы, которые использовались при их написании.

В качестве объектов анализа были взяты семь авторских образцов скорбных поэтических произведений (жоқтау жырлары) Маихур Жусупа. Образы и темы, затронутые в поминальных стихах Маихур Жусупа Копеева, имеют сходства с траурной лирикой (жоқтау) устного народного творчества, вместе с тем, выявлены и авторские особенности написания стихов о скорби по умершим. В статье сделан акцент на авторское использование элементов казахского фольклора.

В ходе изучения произведений было отмечено не только наличие фольклорных мотивов, но и исследованы способы их воспроизведения поэтом, а также использована возможность взглянуть на них с точки зрения исторических реалий того времени через призму авторского стиля Маихур Жусупа Копеева. Было уделено особое внимание тому, как поэт использует традиционные причитания (плач-песню об умершем), эпические формулы, метафоры из произведений казахского народного творчества для того, чтобы выразить глубокую скорбь по умершему и воспроизвести в памяти совершённые им благие дела.

В частности, исследование было направлено на признание наличия основных фольклорных элементов в поминальной лирике (жоқтау) Маихур Жусупа Копеева. Также было оценено, как события его жизни, а также общественно-политические процессы того времени повлияли на поминальную лирику, выраженную поэтом. Учтена роль Маихур Жусупа Копеева в сохранении и развитии фольклорных традиций казахского народа, важность оценки воздействия его творчества на последующую казахскую литературу.

Ключевые слова: поминальная лирика, фольклор, фольклорная традиция, личность, Маихур Жусуп.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Байтурсынов А. Двадцать три траура: [сборник]. – Собрание сочинений в шести томах – Алматы: Ел-шежире, 2013. – 382 с.
- 2 Ауэзов М. История казахской литературы. – Алматы: Изд-во: Академии наук Казахской ССР, 1918. – 442 с.
- 3 Уахатов Б. Типология казахских ритуальных обрядов. – Алматы: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1983. – 161 с.
- 4 Маргулан А. Древние псалмы, легенды. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 с.
- 5 Габдуллин М. Устная литература казахского народа. Учеб. пособие. Алматы: Рауан, 2013. – 458 с.
- 6 Негимов С. Сочинения, том 2. Исследования, эссе и размышления. – Астана: Фолиант, 2015. – 400 с.
- 7 McCarroll C J., Yan K. Mourning a death foretold: memory and mental time travel in anticipatory grief // Springer nature link. Phenom Cogn Sci. – 2024. <https://doi.org/10.1007/s11097-024-09956-z>
- 8 Akoyunoglou M. Exploring the function of the female lamenter in the bereavement process: a case study in Chios Island // Research Gate. – 2020. – pp. 339-357
- 9 Bailey T., Walter T. Funerals against death // Routledge Taylor&Francis Group. – 2015. – Pages 1-18
- 10 Копеев М. Ж. Собрание сочинений в 20 томах. Том 1. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 519 с.
- 11 Слова предков: Сто томный. – Астана:» Фолиант", 2013. Т. 91: Ритуальный фольклор: стихи Мун-шер. – 432 с.
- 12 Luca T. Cultural mediation of grief: the role of aesthetic experience // Sage. Culture and psychology.– 2023. –Vol. 29 (3). pp. 411-433. <http://dx.doi.org/10.1177/1354067X221145901>
- 13 Копеев М. Ж. Собрание сочинений в 20 томах. Том 2. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 434 с.
- 14 Копеев М. Ж. Собрание сочинений в 20 томах. Том 4. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 546 с.

Материал поступил в редакцию журнала 01.07.2025

Reflection of folklore tradition in author's mourning works of Mashkhur Zhusup Kopeev

A. Talipova¹, N. Zhusupov¹

¹Toraigrov University, Pavlodar, 140000, Kazakhstan

This article is devoted to the analysis of the author's mourning poems of the zhoktau genre in the work of the Kazakh poet Mashkhur Zhusup Kopeev, as well as the study of their close relationship with the richest folklore traditions of the Kazakh people. We examined the relationship and commonality of the poet's memorial works with oral folk literature, as well as the artistic methods used in their writing.

Seven author's samples of mournful poetic works (zhoktau zhyrlary) by Mashkhur Zhusup were taken as objects of analysis. The images and themes touched upon in Mashkhur Zhusup Kopeev's memorial poems have similarities with the mourning lyrics (zhoktau) of oral folk art, however, the author's peculiarities of writing poems about mourning for the dead have also been revealed. The article focuses on the author's use of elements of Kazakh folklore.

During the study of the works, it was noted not only the presence of folklore motifs, but also the ways of their reproduction by the poet were investigated, as well as the opportunity to look at them from the point of view of the historical realities of that time through the prism of the author's style Mashkhur Zhusup Kopeev. Special attention was paid to how the poet uses traditional lamentations, epic formulas, metaphors from the works of Kazakh folk art in order to express deep sorrow for the deceased and to reproduce in memory the good deeds he committed. In particular, the study was aimed at recognizing the presence of basic folklore elements in the memorial lyrics (zhoktau) of Mashkhur Zhusup Kopeev. It was also assessed how the events of his life, as well as the socio-political processes of that time, influenced the memorial lyrics expressed by the poet. The role of Mashkhur

Zhusup Kopeev in the preservation and development of folklore traditions of the Kazakh people, the importance of assessing the impact of his work on subsequent Kazakh literature is taken into account.
Key words: memorial lyrics, folklore, folklore tradition, personality, Mashkhur Zhusup.

REFERENCES

- 1 Bajtursynuly A. Zhyrma ysh zhoktau [zhinaq]. Alty tomdyq shygarmalar zhinagy [Twenty-three laments]. – Almaty: El-shezhire, 2013. – 382 p. [in Kazakh]
- 2 Auezov M. Qazaq әдебиетінің тарихы [History of Kazakh literature] – Almaty: Qazaq SSR Gylym Akademiyasynyn baspasy, 1918. – 442 b. [in Kazakh]
- 3 Uahatov B. Qazaqtyn tyrmys-salt zhyrlarynyn tipologiyasy [Typology of Kazakh ritual ceremonies] – Almaty: Qazaq SSR-inin «Gylym» baspasy, 1983. – 161 b. [in Kazakh]
- 4 Margulan Ә. Ezhelgi zhyr, anyzdar [Ancient poems, legends] – Almaty: Zhazushy, 1985. – 368 b. [in Kazakh]
- 5 Fabdullin M. Qazaq halqynyn auyz әдебиеті [Oral literature of the Kazakh people] Oqu qural. Almaty: Rauan, 2013. – 458 b. [in Kazakh]
- 6 Negimov S. Shygarmalary, II tom. Zertteuler, esseler zhәne oj-tolganystar [Research, essays and reflections] – Astana: Foliant, 2015. – 400 b. [in Kazakh]
- 7 McCarroll C J., Yan K. Mourning a death foretold: memory and mental time travel in anticipatory grief // Springer nature link. Phenom Cogn Sci. – 2024. <https://doi.org/10.1007/s11097-024-09956-z> [in English]
- 8 Akoyunoglou M. Exploring the function of the female lamenter in the bereavement process: a case study in Chios Island // Research Gate. – 2020. – pp. 339-357. [in English]
- 9 Bailey T., Walter T. Funerals against death // Routledge Taylor&Francis Group. – 2015. – Pages 1-18. [in English]
- 10 Kөpejuly M.Zh. 20 tomdyq shygarmalar zhinagy [20-volume collection of works] I tom. – Pavlodar: EKO, 2013. – 519 b. [in Kazakh]
- 11 Babalar sözi: Zhyztomdyq [One hundred volumes] – Astana: «Foliant», 2013. T. 91: Furyptyq fol'klor: Mұn-sher өлenderi. – 432 bet. [in Kazakh]
- 12 Luca T. Cultural mediation of grief: the role of aesthetic experience // Sage. Culture and psychology.– 2023. –Vol. 29 (3). pp. 411-433. <http://dx.doi.org/10.1177/1354067X221145901> [in English]
- 13 Kөpejuly M.Zh. 20 tomdyq shygarmalar zhinagy [20-volume collection of works] II tom. – Pavlodar: EKO, 2013. – 434 b. [in Kazakh]
- 14 Kөpejuly M. Zh. 20 tomdyq shygarmalar zhinagy [20-volume collection of works] IV tom. – Pavlodar: EKO, 2013. – 546 b. [in Kazakh]

Received: 01.07.2025

FTAMP 17.71.91

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp311-326](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp311-326)

Г.Т. Тлеубердина¹, Г.М. Каналина¹, А.Б.Манас¹, К.А.Толеубаева²

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

²Е. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық-зерттеу университеті, Қарағанды, 100024, Қазақстан

АЙТЫСТАҒЫ ДИАЛОГ ПЕН МОНОЛОГ ҚЫЗМЕТІ

Ежелден халық тұрмысымен біте қайнасып, бойымызға сіңген синкретті өнеріміздің бірі – айтыс. Көрерменінің жанын қоздырып, қиқуға салғызатын осы өнердің түп тамырына үңіліп, мақалада құрылымын талдауды мақсат еттік. Бүгінде көпке белгілі бұл өнердің